

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 14 (30),
шілде
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті



ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІКТЕР!

Түркістан облысының Арыс қаласындағы жарылыстан кейінгі жағдай барша қазақстандықтарды алаңдатты. «Қиындық – бөліссе азаяды» деген емес пе! Халқымыздың қанына сіңген асыл қасиеттерінің бірі – жабырқаған жандарға жақсылық жасап, қамқорлық көрсету. Елдің елдігі мен бірлігі осындайда анық көрінсе керек. Ел бойынша қолға алынған «Арыс. Біз біргеміз!» акциясы басталысымен ембілік мұнайшылар да мүмкіндіктері тартқанша көмектерін көрсетуге асықты.

Компания ұжымының көпшілігі өздерінің жалақылары есебінен ерікті түрде қаражат жинады. Жиналған қаражатты қалай жұмсаймыз? Арыс

қаласының тұрғындарына қалай көмектесеміз? Осы мәселелерді ортаға салып, көп болып ақылдастық, кеңестік. Көптің пікірі «қайырымдылықты балаларға жасайық, арыстық мектеп оқушыларына қолдау көрсетейік» деген ұйғарымға тоқталды.

Арнайы жұмыс жоспары жасақталынып, «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру қолға алынды. Бұл орайда Арыс қаласындағы жауапты мамандармен байланыс орнатылып, бірнеше рет келісімдер жасалынды. Нәтижесінде, Түркістан облысы Арыс қаласында қайырымдылық шарасы ұйымдастырылып, онда 400-ден астам бастауыш сынып оқушыларына мектептік киім-кешектер тарту етілді. Ембілік маман-

дар ұйымдастырған шараға Түркістан облысының әкімі Әмірзақ Шөкеев арнайы келіп, бүлдіршіндерді қамқорлаған ембілік мұнайшыларға барша арыстықтардың атынан риясыз алғысын жолдады.

Компанияның қайырымды іс-әрекеті туралы ақпарат құралдарында - әлеуметтік желілерде қызу айтылып, үлкен қолдауға ие болып, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның тыныс-тіршілігі көпке мәлім болды.

Компанияның облыс аумағындағы, облыстан өзге өңірлердегі қайырымдылық-демеушілік шараларын тұрақты ұйымдастырып келе жатқаны белгілі. Әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға үнемі қолұшын созып, әркез ізгі шаралардың басынан табыла білдік.

Міне, Арыс қаласында өткен қайырымдылық шарасы кезінде де ембіліктер кез келген қиындықта жұдырықтай жұмылып, топтаса түсетінін аңғартты. Ембіліктер ізгілікті іс-шараларға қашанда дайын екендіктерін тағы бір мәрте дәлелдей білді. Қиын сәтте мейірім мен бірліктің асқақ үлгісін көрсеткен барша әріптестеріме алғысым шексіз. Қайырымдылық – ізгіліктің нұры. Бір-бірімізге қайырымды болайық, ағайын!

Рахмет сіздерге! **Е**

**Құрметпен,
Басқарма төрағасы
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ**

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Мақсат – қауіпсіз өндіріс

«Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік қызметі 2019 жылғы екінші тоқсанның қорытындысына сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғалар бойынша НӨЛДІК (0) көрсеткішке қол жеткізді. Қазіргі таңда барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелер арасында апатты оқиғасыз күндердің саны бойынша «Ембімұнайгаз» басқармасы көш бастап тұр.

Жалпы, бірінші жартыжылдықта «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік қызметі бойынша екі жазатайым оқиға тіркелген болатын. Бұл оқиғалар ағымдағы жылдың ақпан айында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мен «Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасында орын алды.

Кестеде өндірістік басқармалардың апатты оқиғасыз күндер туралы мәлімет келтірілген.

№	ӨҚБ атауы	24.07.2019 жылғы жағдай бойынша
1	«Ембімұнайэнерго» басқармасы	1414
2	«Жайықмұнайгаз» МГӨБ	1260
3	«Қайнармұнайгаз» МГӨБ	827
4	Орталық басқару аппараты	776
5	«Доссормұнайгаз» МГӨБ	216
6	«ӨТҚЖЖК» басқармасы	168
7	«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ	165

Үкімет басшысы Атырауға іс-сапармен келді

ҚР Премьер-министрі Асқар Мамин ағымдағы жылдың 17-18 шілде аралығында Атырау облысына жұмыс сапары барысында мұнай-газ саласы кәсіпорындарын аралап, жаңа өнеркәсіптік нысандардың салыну барысымен танысты және жергілікті қамтуды, мұнай-газ машина жасауды дамыту және ҚР еңбек заңнамасын сақтау мәселелері бойынша кеңес өткізді.

ҚР Үкіметінің басшысы салынып жатқан Теңіз кен орны үшінші буын зауытына барды, ол «Теңізшевройл» ЖШС жүзеге асырып жатқан Болашақ кеңейту жобасы аясында салынып жатыр.

Зауытта жалпы құрылысы жұмыстары, жерасты коммуникацияларын жүргізу, резервуарлар монтажы жүргізілуде, 23 құрастырмалы модульдік эстакадалар орнатылған. Екі газтурбиналы генератор мен технологиялық модульді құрастыру сәтті аяқталды. Зауыттың құрылыс алаңында 25 мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйым жұмыс істейді, 3300-ге жуық адам тартылған. Жоба 2022 жылы аяқталады.

ҚР Премьер-министрі, сонымен қатар, Қашаған кен орнын және мұнай өндіріліп, оны «Болашақ» зауытына құбыр желісі бойынша одан әрі тасымалдау арқылы бірінші реттік сепера-

ция жүргізілетін Д жасанды аралын аралады.

Атырау облысына жұмыс сапары аясында ҚР Үкіметінің басшысы жергілікті қамтуды дамыту, мұнай-газ машина жасау, ҚР еңбек заңнамасын сақтау мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Үкімет басшысы ірі жобалар операторларының сатып алуларында жергілікті қамту үлесі өсімді байқатып

отырғанын атап өтті. Бірақ, қазақстандық машинажасаушылардың өнімдерін дамыту толыққанды пайдаланылмай отыр.

«Бұл жағдай пәрменді шараларды, оның ішінде жобалар операторлары тарапынан да қабылдауды талап етеді», - деді ҚР Премьер-министрі.

Асқар Мамин Үкіметтің Машина жасауды дамытудың 2019-2024 жылдарға

арналған Жол картасына қабылдағанын айтты, онда машина жасау кәсіпорындарын салықтық артықшылықтармен, қаржылық және шикізаттық қолдаумен, сондай-ақ, білікті кадрлармен қамтамасыз ету бойынша мәселелерді пысықтау қарастырылған.

Кеңесте, сонымен қатар, ҚР еңбек заңнамасының сақталуы мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, жер қойнауын пайдаланушылардың кәсіпорындарда жұмыскерлердің қауіпсіз еңбек жағдайлары мен тұруын қамтамасыз ету бойынша мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қатысты вертикальды бақылауды енгізуі талқыланды.

Сонымен қатар, өңірге жұмыс сапары барысында ҚР Премьер-министрі «АМӨЗ» ЖШС мұнайды терең өңдеу кешенін, «АтырауМұнайМаш», «Ұлттық индустриялық мұнайхимия технопаркi» АЭА, «Полимер Продакшн», «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.», «Karabatan Utility Solutions», «Болашақ» мұнай және газ өңдеу зауытын, «Шеврон Мұнайгаз Инк.», түрлі маркалы оптикалық кабель шығаратын зауытты аралады. **Е**

Атырау облысы әкімінің баспасөз қызметі



Салауатты өмір салты

22,6 млн тонна мұнай экспортталды

Бұл бір жыл бұрынғы нәтижемен салыстырғанда 31,2 млн тонна кем көрсеткіш. Ал энергетика министрі Қанат Бозымбаев жыл соңына дейін 89 млн тонна мұнай өндірілетініне сенімді.

- Қазіргі нәтиже жоспарланып отырған көрсеткішке кері әсерін тигізбейді. Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз кеніштерінде осыған дейін жүргізілген күрделі жөндеу жұмысы мұнай өндірісін ұлғайтады. Биыл Теңіз кен орнынан 29 млн тонна мұнай өндіріледі. Аталмыш кен орнын кеңейту жобасы жалғаса береді. Бұл бастамаға 37 млрд АҚШ доллары жұмсалады. 2024 жылға қарай Теңіздегі мұнай өндіру көлемі 39 млн тоннаға жетеді, - деді Қанат Бозымбаев. Министр мәлімдегендей, қазір тәулігіне 400 мың баррель мұнай өндіріліп жатыр. Былтыр бұл көрсеткіш тәулігіне 350 мың баррель шамасында болған. 2024 жылға дейін өндіріс көлемі қазіргі 13 млн тоннадан 16 млн тоннаға жеткізіледі. Жария болғандай, мұнайдың 60,9%-ы - Атырау облысында, 23,7%-ы - Маңғыстау облысында, 7,8%-ы - Қызылорда облысында өндірілген.

- 2024 жылға қарай Қашаған кен орнынан тәулігіне 450 мың баррель мұнай өндіру жоспарланған. Ал ортамерзімді перспективада мұнай өндіру көлемі жыл сайын өсіп, 2025 жылға қарай жылына 104 млн тоннаға жетуге тиіс, - деді энергетика министрі. Айта кетейік, қазірдің өзінде Қашағаннан тәулігіне 450 мың баррель мұнай алынып жатыр. **Е**

Спартакиада шақырады

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері арасындағы ең ауқымды ұжымдық спартакиадаға тіркеу ашылды.

2 тамыз бен 8 қыркүйек арасында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрамына кіретін мекемелердің қызметкерлері 8 спорт түрінен: шағын футбол, волейбол, стритбол, үстел теннисі, армрестлинг, кибер-спорт (Counter-Strike 1.6) ең мықтыларды анықтайды. Осы жылы тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан алғаш рет жарыс өтеді.

Спартакиада мақсаты компания құрамына кіретін барлық компаниялар мен бөлімдердің ішінде ұжымдық рухты күшейту болып табылады. Спорт шарасын ұйымдастырумен «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры айналысады.

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы - бұл спортты жақсы көретін 300-ден аса мекемелер және 300 000-нан артық қызметкерлер. Спартакиада өткізілуі холдинг ұйымдарында жұмыс жасайтын қызметкерлерді біріктіріп қана қоймай, сонымен қатар, оларды спорт пен салауатты өмір салтына баулитын және ұжымдық рухты асқақтататын елеулі шара болып табылады. Спартакиадаға арналған спорт түрлерін топ жұмысын жақсарту мен сұранысқа байланысты таңдап қоймай, шахмат, тоғызқұмалақ сынды дара спорт түрлерін де қостық, - дейді «Samruk-Kazyna Trust» фондының ұжымдық коммуникациялар департаментінің директоры Мирас Иргебаев.

Сонымен қатар, ол суперфиналда жарыстардан бөлек қатысушылар мен жанкүйерлерді алуан түрлі белсенді бөлімдері бар сауық бағдарламасы күтетіні, қонақтар жақсы сезімдермен қуаттанып, логикалық және

спорттық жарыстарға қатыса алатыны туралы айтты.

Басты спорт мерекесі еліміздің 4 аймағында: Солтүстік-Шығыс, Орталық, Оңтүстік және Батыста өтетін іріктеу кезеңінен басталады. Жарысқа 13 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қала қатысады. Іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары 7-8 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында кездеседі.

2 тамыз бен 4 тамыз аралығында Солтүстік-Шығыста іріктеу кезеңі басталатынын еске саламыз. Мұнда Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының еншілес тәуелді ұйымдардың топтары кездеседі.

Жеңімпаз атағына Орталықта 9 тамыз бен 11 тамыз аралығында Нұр-Сұлтан, Ақмола және Қарағанды облыстары еншілес тәуелді ұйымдардың өкілдері жарысады. Спортшыларды Щучинск қаласы қарсы алады.



16-18 тамыз аралығында Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан аймақтарынан қатысушылар Ақтау қаласына жиналады.

Шымкент қаласында 23-25 тамыз аралығында Алматы, Шымкент, Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарының еншілес тәуелді ұйымдардың топтары кездеседі.

Қатысушыларды тіркеу www.spartakiadask.kz сайтында онлайн түрде өтеді. Тіркелу үшін қатысушылар техникалық өтінімді толтырулары, жеке куәліктің көшірмесін, мерзімі көрсетілген жұмыс орнынан анықтаманы, әрбір қатысушының жеке жауапкершілігі туралы арызды жолдаулары керек.

Сонымен қатар, барлық сұрақтарыңызға жауап алатын WhatsApp +7 707 714 20 11 «ыстық желі» жұмыс жасайды. Бұған қоса, тұрақты түрде 8 800 080 53 08 нөміріне «ыстық желі» арқылы хабарласуға болады. **Е**

Ембінің «қаһарманы»

19-шілде күні «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінің акт залында Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат Ғизатұлы Ғабдуллиннің зейнеткерлік жасқа шығуына орай салтанатты жиын өтті.

Жиын барысында ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков алғашқы құттықтау тілегін жолдап, той иесінің кәсіби, адами қасиеттеріне ерекше тоқталды.

- Айболат Ғизатұлы сонәу тоқсаныншы жылдардан бері танымын. Ал, Ембіге келгеннен бері тығыз қарым-қатынаста, сыйластықта жұмыс жасадық. Оның мұнай саласының жан-жақты қырын жетік білетін қайетімен қоса, үлкенге деген құрметі, кішіге деген ізеті ерекше. Сондай-ақ, ол жас мамандарды тәрбиелеуге сүбелі үлес қосты. Қазір Айболат Ғизатұлының тәлімін көрген көптеген

мамандар Компанияда жауапты жұмыстар атқаруда, - деді Әнуар Жақсыбеков.

Сонымен қатар, кеш иесін Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Қайрат Әділбеков пен жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев, Компанияның қаржы директоры – қаржы бақылаушысы Нұрсәуле Тәжмағамбетова, коммерциялық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Едіге Чакликов, өндіріс жөніндегі басқарушы директор Абат Құтжанов, энергетикамен қамту және газ шаруашылығы жөніндегі басқарушы директор Бауыржан Сейтқазиев құттықтады.

- Айболат Ғизатұлы «Прорванефтьте» жұмыс жасаған кезінде сол кездегі кадр саласының қызметкерлері еңбек кітапшасына «Халық қаһарманы» деп

жазып жіберген. Кейін, әрине, біз кеткен бұл қателікті түзедік. Алайда, сол кездегі мамандар бәлкім бірнеше жылдардан соң Айболат Ғизатұлының «Ембінің қаһарманы» болатынын білген шығар, - деді қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану Шарафетдинова.

Сонымен қатар, компанияға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер басшылары, ЕМГ кәсіподақ комитетінің төрағасы К.Шаңқанов және «Нұр Отан» партиясы «Ембімұнайгаз» АҚ Бастауыш партия ұйымы атынан ЕМГ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры Абат Балабаев құттықтау тілектерін жеткізді.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Ал, компанияның өндірістік блогы ән шашуын ұсынды. **Е**



Біздің сұхбат

Прорвадан басталған дара жол



Адам өмірінің алтын арқауы маңдай тер, адал еңбекпен өрілетіні анық. Соның ішінде мұнайшы мамандығы табандылықты қажет етеді. Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде еңбек жолы мен қызметі Ембі мұнай өндірісіне тікелей қатысты, білікті басшы, білгір маман, Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Ғабдулин Айболат Ғизатұлының зейнеткерлік жасқа толуына арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды. Асқаралы жастың асуын білікті басшы, кәсіби маман, абыройлы азамат, өнегелі отағасы санатында бағындырып отырған оның адамгершілік қырын, іскерлік қабілетін қызметтес әріптестері мен тілектес достары ерекше бағалап, көптеген жылы лебіздер айтылды. Біздің Айболат Ғизатұлымен әңгімеміз оның өмірі, еңбек жолы жайында болмақ.

- Айболат Ғизатұлы, Сіз – мұғалімдер жанұясынан шыққан, әулеттегі алғашқы мұнайшысыз. Балалық шағыңызда журналист болуды да армандаған екенсіз. Мұнайшы мамандығын таңдауға не себеп болды?

- Осынау тіршілікте адам баласын алға жетелейтін құдірет күш, ол - арман. Ал, өмірде болып жатқан әрбір оқиғаға бір нәрсе себеп болары анық. Мен бала кезімнен кітап құмар болып өстім. Жазушылардың тіл көркемдігі қатты қызықтыратын. Содан да болар, бала кезде журналист болсам деген қиялға жиі берілетінмін.

Менің бұл мамандықты таңдауыма себепкер болған академик-жазушы Зей-

нолла Қабдоловтың «Жалын» атты романы. Кітап қолыма түскен соң, романды оқып шықтым. Романдағы мұнайшы жігіттің тағдыры мені қатты толғандырды. Кітаптың соңғы парақшасын жапқанда, «мен мұнайшы боламын» деген ой түйдім. Сөйтіп, 1973 жылы Гурьев қаласындағы №7 мектепті аяқтаған соң, жастық арманмен Алматыға аттандым. 1978 жылы Қазақ политехникалық институтының «Мұнай» факультетін тәмамдап, тау-кен инженері атандым.

- Еңбек жолыңыз қалай басталды? Алғашқы ұстазыңыз кім болды?

- Жоғары оқу орнын тәмамдаған соң, «Құлсарымұнайгаз» басқармасына жолдама алып елге оралдым. Сол кезде Ембіні майталман мұнайшы Бөлекбай Сағынғалиев басқарып отырды. Өндірістерге алғашқы ұстазым Рысқали Қалмұханов «Прорваға барғаның жөн» деп, жолдамаңды өзгертіп берді. Менің мұнайшылық өмірім осылай басталды.

Сол кезден бері, міне, 40 жылдан астам уақыт зырлап өте шығыпты. Осы уақыт аралығында көптеген жақсы адамдармен жұмыстас болған екенмін. Әсіресе, мені бірден еңбекке баулыған бірлестіктің мұнай өндіру бөлімінің бастығы – А.И.Назаров, басқарма бастығы - А.Б.Рзиев, бас инженер – М.Нұрғалиев сияқты майталман мұнайшылар менің еңбек жолымдағы тұсауымды кескендер десем, артық болмас. Мен осы азаматтардың шәкірті болғанымға мақтанамын.

- Сіз 41 жыл бойы табан аудармастан Ембіде қызмет еттіңіз. Со-

ның ішінде, 40 жылын басшылық лауазымда жұмыс жасадыңыз. Атап айтсақ, Прорвамұнайгаз» басқармасында орталық инженерлік-технологиялық қызмет бастығы, бас инженер, басқарма бастығы, одан кейін «Ембімұнайгаз» ААҚ мұнай-газ өндіру департаменті директоры, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы, Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары лауазымдарына дейін көтеріліп, абыройлы қызмет атқарған азаматсыз. Мұның сыры неде?

- Ембі тарихында, жалпы қазақ мұнай өндірісінде есімі тарих қойнауына алтын әріппен жазылатын айтулы тұлғалар баршылық. Маған жол көреткен майталман мұнайшылармен қызмет жасау бұйырды. Басшы болу – үлкен жауапкершілік. Маған сенім артқан ұжымға алғыс білдіремін.

Мұнай саласы – өте нәзік мамандық. Қиын сәттер де болды. Біз әрқашан бір ұжым болып, барлық қиындықтарды жеңіп, кедергілерден абыроймен өте білдік. Міне, бүгін менің бірден-бір табысты еңбектерім - ембіліктердің мені қолдап, көмектесе, бірлесе атқарған жұмыстарымыздың нәтижесі деп білемін. Қазақта «төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді» деген мақал бар. Әр уақытта, бірлікті алдағы үлкен мақсат ретінде көре білу керек деп ойлаймын.

- Салтанатты жиын барысында Сіздің жас мамандарды тәрбиелеуге қосқан зор үлесіңіз туралы көп айтылды.

- Иә, Компанияда білікті де білімді жастар қатары көп. Компания жастарға кәсіби өсуіне, білімін жетілдіруге үлкен қолдау көрсетуде. Өйткені, болашақта компания тізгінін ұстайтын – жастар. Сондықтан, кәсіпорын басшылығы жастарға үлкен сенім артып отыр. Ал, олармен өз тәжірибемізбен бөлісіп, алға жетелеу, білмегенін үйрету, тәлімгер болу – ағалық парызымыз. Жоғарыда атап өткенімдей, менің де ұстаздарым болды. Мен де олардан үйрендім. Енді әрқайсысымыз олардың абыройлы ісін жалғастыруымыз керек емес пе?!

«Жас келсе – іске» деп бекер айтылмаса керек. Жастардың бойында жаңа күш, тың идеялар, жұмысқа деген құлшыныс бар. Тек демеп жіберсе, жеткілікті.

- Кейінгі ізбасарларыңызға қандай тілек айтар едіңіз?

- Мұнайшылықты таңдағаныма өкінбеймін. Ол да Алланың бір сыйы болар деп ойлаймын. Мұнайшы – жақсылығы мен қиындығы мол мамандық. Сол қиындықтарға шыдай білсең ғана, биік табыстарға жетесің. Мамандықты жете игеру үшін, әр мұнайшы еңбек жолын ең төменгі баспалдақтан бастағаны абзал деп ойлаймын. Сонымен қатар, «білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз» деп абзал ақсақалдар айтқандай, көп оқу, үйренуден жалықпау керек.

- Сұхбатыңызға рахмет! Зейнеткерлік кезеңге шыққан жасыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! **Е**





Ембіліктер арыстық балаларды қамқорлады

Ағымдағы жылдың 24 маусым күні таңертең Түркістан облысы Арыс қаласындағы әскери бөлімде өрт шығып, қоймадағы оқ-дәрі жарылғаны жөніндегі суыт хабар тез арада тарады. Жергілікті тұрғындар дереу қауіпсіз орындарға көшірілді. «Арыс. Біз біргеміз!» атты республикалық акция ұйымдастырылып, жеке есепшоттар ашылды. Өмірлеріне қауіп төнген арыстықтардың жағдайларына алаңдаған барша қазақстандықтар мүмкіншіліктерінше қолұшын созды. Барлық облыс орталықтарында гуманитарлық көмек пункттері ашылып, жарылыстан зардап шеккен арыстық ағайындарға азық-түлік, киім-кешек, құрылыс материалдарынан көмектер ұйымдастырылды. Бұл көмектен ембілік мұнайшылар да тыс қалмады. 5 мыңға жуық адам еңбек ететін отандық компания ұжымы біріксідей жұмыла кетіп, ерікті түрде жалақыларынан көмек қаражатын жинады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы Жақсыбековтің ұсынысымен арыстықтарға арналған көмекті мақсатты жұмсау үшін ұжым мүшелерінен арнайы топ құрылып, Арыс қаласында қайырымдылық шарасын ұйымдастыру жөнінде нақты жұмыс жоспары жасақталынды.

Түркістан облыстық әкімшілікпен, Арыс қалалық білім беру бөлімінің жауапты мамандарымен ақылдаса келе, ембіліктер жинаған қаражатты «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында жұмсау жөнінде шешім алынды. Арыс қаласындағы жарылыстан қаладағы 40 мектептің 16-сы бүлінген. Мұнайшылардың көмек қаражаты осы 16 мектептің бастауыш сыныптарында оқитын, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының балаларын толықтай мектеп формасымен қамтуға жұмсалды. Жалпы, Арыс қаласы бойынша 20 мыңға тарта мектеп оқу-

Нағима Оңғыбаева, 4 баланың анасы:

- Жарылыстан бүлінген баспанамызды жөндеп жүргенде, сабақтың да жақындап қалғанын естен шығарыппыз. Міне, ембіліктер біздің дәл осы олқы тұсымызды байқағандай мектептің киім-кешектерінен көмек көрсетіп жатыр. Тарту етіп жатқан киімдері де сапалы.

Ақбөбек Тұрсынова, 5 баланың анасы:

- «Мектепке жол» акциясы бойынша өткен қайырымдылық шарасында менің егіз баламның екеуіне де мектеп формалары табысталды. Размерлері де, киімнің сапасы да көңіліме әбден қонып тұр. Енді, қыркүйекте жақсы көңілмен алғашқы қоңырауға барамыз.



шысының 1840-ы әлеуметтік көмекке мұқтаждар қатарынан. Ембіліктердің жинаған көмек қаражаты осы топтағы 402 баланың мектеп киім кешегіне жұмсалды. Оның 201-і қыз бала болса, 201-і – ұлдар.

Қайырымдылық шарасына арнайы келген Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев ембіліктердің көмегіне барша арыстықтардың ризашылығын жеткізді. Өңір басшысы ембіліктер тарту еткен мектеп формасының сапасымен де танысып, тауардың қайдан алынғанына да қызығушылық танытты.

Арыстық балаларға арналған мектеп формасының толық комплектісі Шымкент қаласындағы «Гауһар» тігін фабрикасының өнімдері болса, аяқ киімдер «Заря» аяқ киімдер желілер дүкенінен алынды.

Бүгінгі таңда 350-ге тарта қыз-келіншекті жұмыспен қамтыған «Гауһар» тігін фабрикасының өнімдері тек ішкі нарыққа ғана емес, көрші жақын шет елдерге де танылып үлгерген. Фабрика мектеп формасымен қатар, еліміздің Қорғаныс министрлігі мен төтенше жағдайлар саласының мамандарына қажетті арнайы киімдер тігумен де айналысады.

Шымкенттік «Заря» аяқ киім дүкенінің өнімдері – қазіргі таңда «Қазақстанда жасалған» деген таңбамен сатылып жатқан сапалы тауарлар. Аяқ киімдер былғары және қолтырауын терілерінен жасалған. Аталмыш дүкендер желісі ерлер, әйелдер мен балаларға арналған маусымдық және спорттық 27 түрлі аяқ киім шығарады екен. Шикізат Шымкент, Алматы мен Семей қалаларынан алынады.

Еліміздің инфрақұрылымының дамуына зор үлес қосып отырған «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы әлеуметтік жауапкершілікке баса маңыз беруімен де ерекшеленеді. Ұжым мүшелерінің ерікті түрде жалақыларынан жиналған қаражат әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға, көп балалы отбасылар мен тәрбиелерінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар жанұяларға қолдау көрсетуде. Шығыс Қазақстан облысы мен Атырау өңірінде болған су тасқынынан зардап шеккендерге көрсетілген көмектер мен биылғы Рамазан айындағы баспанасыз жандарға тарту етілген жаңа тұрғын үйлер туралы естіп, танысқан арыстықтар ембіліктерге қатты риза болды. **Е**

Светлана Карчалова, 7 баланың анасы:

- Бізге көмектесіп жатқандар көп. Азық-түлік, гигиеналық көмектер уақытылы жеткізіліп жатыр. Ал, «Мектепке жол» акциясы бойынша алғашқы көмекті сонау Атыраудан келген ембілік мұнайшылар көрсетті. Үлкен рахмет.

Ғалымжан Исмаилов, 5 баланың әкесі:

- Арыста көп балалы жанұя көп. Көп балалы отбасыларға қандай көмек болмасын, аса қажет екенін жақсы сезінесіздер. Жыл сайын күзге таман балаларымыздың мектеп формаларын іздеп, сапырылысқа түсетінбіз. Биыл осы көмекті Атыраудан арнайы келген мұнайшылар көрсетіп жатыр. Балаларымыздың мектеп формасы түгел алынды. Киімдердің, аяқ киімнің, сумканың да сапалары жақсы. Ризамыз.



Эрудициялы жас мұнайшылар сынға түсті



Кәсіби біліктілігі мен білімі мол, бірлігі мықты ұжым болашаққа жол бастайды. Сондықтан, әрбір маман барлық қырынан озық болуы тиіс. Әсіресе, жастар. Бұл тұрғыда «Ембімұнайгаз» АҚ қашанда алда келеді. Жұмысшылардың білімі мен білігін арттыруда компания жыл сайын түрлі білім бәйгелерін де ұйымдастыруда. Соның айғағы ретінде жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің Прорва кен алаңындағы «Каспий самалы» вахталық қалашығында жас мұнайшылар арасында «Брейн-ринг» интеллектуалды ойыны өтті.

Компания тарихында тұңғыш рет ұйымдастырылған аталған білім байқауына Орталық басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелерден барлығы 7 – «The oil» («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), «Barrel» («Доссормұнайгаз» МГӨБ), «Синергия» («Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы), «Арлан» (Орталық басқару аппараты), «Brain storm» («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), «Energy» («Ембімұнайэнерго» басқармасы), «Black gold» («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) командаларынан 45-ке жуық жас маман қатысты. Олар сұрақ оқылысымен -ақ, бірден жауабын іздеп, талқылай

бастады. Қойылған сұрақ та жан-жақты болды. Жауабы жеңіл сұрақтармен қатар, күрделі сауалдар да кездесті. Сұрақтардың басым бөлігі еліміздің, соның ішінде Ембі тарихынан және логикалық тапсырмалардан құралды.

- Жоғары және орта оқу орындарында Дуалды оқыту бағдарламасын жүзеге асыру арқылы Компания мұнай-газ саласында білікті мамандарды даярлауға сүбелі үлесін қосып келеді. Сондай-ақ, Компания жас мамандардың бойында патриоттықты қалыптастыруға және тұлғалық дамуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға баса назар аударады. Осыған орай биыл Жастар жылында Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған бірқатар шаралар жастарға арналып отыр. Олардың қатарында, спорттық, интеллектуалдық жарыстар және мәдени-көпшілік шаралар бар, - ойынның ашылу салтанатында **әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару департаментінің директоры Бибоз ШАЯХМЕТОВ.**

Сондай-ақ, **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы Ғибатолла Шанаев** сөз алып, командаларға сәттілік тіледі.



Командалар қарсыластары жеребе арқылы анықталып, ойын екі турда өтті.

Жас мамандардың ұшқырлығы мен білімі сынға түскен сайыста жүлделі бірінші орынды «Brain storm» («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) командасы қанжығалады. Ал, 2-орынды «Barrel» («Доссормұнайгаз» МГӨБ) иеленсе, 3-орын «Energy» («Ембімұнайэнерго» басқармасы) командасына бұйырды. Сонымен қатар, жарыс қорытындысы бойынша «Үздік ойыншы» номинациясы «Black gold» командасының ойыншысы Әли Бексейітовке және «Үздік капитан» номинациясы «Energy» командасының капитаны Жайнагүл Әбішқалиқызына берілді.

Барлық қатысушыларға Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбековтің атынан Алғыс хаттар мен жеңімпаздарға сертификаттар, сыйлықтар және кубоктар табыс етілді.

Айнагүл Ғұмарова, «Energy» командасының ойыншысы:

«Ұмытылмас сапар»

- Ұйымдастырушыларға алғыс білдіреміз. Бұл да бір жас мамандардың ба-

сын қосқан шара болды. Әсіресе, үлкен кен алаңы Прорвада өткені көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені, ойыннан соң жас мамандарға экскурсия ұйымдастырылып, Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының жұмысымен танысып, №1 ұңғыма ескерткішіне бардық. Жас мамандар үшін ұмытылмас сапар болды.

Дастан Әділбекұлы, «Brain storm» командасының ойыншысы:

«Жеңіске жеткенімізге қуаныштымын»

- Жас мамандардың басын қосқан ой додасы өте жоғары деңгейде өтті. Осы жарысқа дайындалу арқылы, әсіресе, мұнай-газ саласы, соның ішінде Ембінің тарихы туралы құнды деректермен таныстым. Ғасырға жуық уақыт аралығында Компания қандай кезеңдерді бастан өткергендігі жайлы білімімді толықтырдым. Осынау тарихы тереңде жатқан компанияда еңбек ететінімді мақтан тұтамын. Білім бәйгесінде біздің команда жеңіске жетті. Жайықтықтарды құттықтаймын!

Мұнайшылар шығармашылығы

Мерейтойға арналған игілікті шаралар

Биыл қазақтың қазынасына айналған қара жер қойнауындағы «қара алтынның» бұрқағы бұрқ етіп алғаш атқылаған сәтіне тура 120 жыл толады. Осынау мерейлі мерекенің Жастар жылымен тұспа-тұс келуі де бір ғажап үйлесімділік емес пе?! Осы орайда, мен де жас буын өкілі ретінде қолға қалам алып, ел ырысын еселеген еңбек жайында жазуды жөн көрдім. Қайбір қызмет турасында айтсақ та сол салада еңбек етіп жүрген жаннан артық ешкім ештеңе айта алмайды. Ендеше, қара майдың қаймағын қалқып, сұйық отынды суша сапырған сол мұнайшылардың бірі – өзім.

Жоғарыда атап өткенімдей, Елбасы жариялаған Жастар жылы аясында мұнай-газ саласындағы жас мамандарға көп көңіл бөлінуде. Сөзіміз сұйық болмас үшін айтайын, «Ембімұнайгаз» АҚ жуырда ғана «Бесікті» демалыс базасында жас мамандар эстафетасын ұйымдастырды. Сәні мен салтанаты келіскен шара жоғары деңгейде өтті. Бұған өзіміз де, өзгесі де куә болды. Мәні мен маңызы зор эстафетаның бір мақсаты, бұл – түрлі бағытта теңдей жұмыс жасап жатқан жастардың басын біріктіру. Расымен де, «ембімұнайгаздық» еңбекшілердің еңбегі есепсіз, қызметі қауырт. Мекемеге қарасты барлық мұнай-газ өндіру басқармаларында жалыны мен жігері жасындай жарқылдаған жастар жетерлік. Міне, соларды салауатты өмір салтын ұстануға үндеп,

спортқа үгіттеу – тағылымды шараның тағы бір мақсаты.

Мен мұнайшы болуды бала кезден армандағаннан болу керек, таңдауым осы мамандыққа түскен-ді. Сөйтіп, ержетіп есейген соң арманымды іске асыруға бел будым. Осылайша, 2010 жылдан бастап қызығы мен қиындығы қатар жүретін еңбек қазанында қайнап келемін. «Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз» демекші, үйренгенімнен гөрі үйренерім әлі көп-ақ. Айтпақшы, «қара алтынның» қоймасы атанған Доссор кенті – кіндік қаным тамған киелі мекен.

Ал, «Ембімұнайгаз» АҚ турасында айтар болсам, мұнда өсемін, өнемін, өркендеймін, өрісімді өсіремін деген жанға барлық жағдай жасалған. Әсіресе, жастар жағы қолдан келген қолдаудан да, көмектен де кенде емес. Өз кезегінде мұнайшылардың тарапынан атқарылып жатқан игілікке толы игі істер де бар. Соның бір көрінісі, жақында қайыры мол қайырымдылық іс қолға алынды. Атап айтқанда, әр аудан орталығында көпбалалы және аз қамтылған отбасылар бар. Олар жомарт жандардың мейіріміне мұқтаж. Осыны ойға алған мұнайшылар бір күндік жалақыларын аударды. Мұнысы теңізге тамған тамшыдай болса да, көпке көмегін тигізгені кәміл. Тарқатып айтсам, тұрғын үйге тұрмысы тартпаған сегіз жанұя баспаналы болды. Иә, Жиренше шешен айтқандай,

«қайран менің өз үйім – кең сарайдай боз үйіме» не жетер дейсің, сірә? Сол сияқты, кешегі Арыс қаласында болған апатқа да бәрі бір кісідей атсалысып, 400-ден астам балаға мектеп киімін табыстап, қамқорлық көрсетті. Есті құлаққа ерекше әсер етер – «Айтындар алғыс мұнайшыларға еңбегі үшін, өзінен артық Отанын жақсы көргені үшін» деген әдемі ән сөздері қалай дәлме-дәл айтылған десеңші!

Жалпы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары үшін жыл сайын спартакиада өткізу де игі дәстүрге айналып алған. Бұл шарадан ембілік мұнайшылар ешқашан тыс қалған емес. Қайта керісінше, жоғары деңгейде өнер көрсетіп, бұқаралық спорт саласын дамытуға үлес қосып келеді. Биыл аталмыш доданың I тобының іріктеу кезеңі Атырау жерінде ұйымдастырылуы да 120 жылдық мерейлі мереке қарсаңында қолға алынған шаралардың бастамасы болды.

Бұдан бөлек, кәсіби бағытта да біраз жұмыстар жолға қойылған. Мәселен, ұядай ұжым қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекке ынталандыру үшін «Үздік маман» сайысы өткізіліп тұрады. Нәтижесінде, барлығы білімдерін арттыруға күш салады, теориялық біліктіліктерін толықтырады, шығармашылық әлеуетін шыңдайды. Екіншіден, бірінің білмегенін бірі біліп жатса, тәжірибесі толықпағанда қайтпек?

Міне, бұл – жуырда ұйымдастырылған игі жұмыстардың бір бөлігі ғана. Яғни, өндіруші компания тек өнім өндіруге көңіл бөлмей, әлеуметтік салаларға да баса назар аударып келеді.

Жасай бер мәңгі, мұнайшы қауым!

*Еңбегің ерен шыңдалды тәзім,
Еңсесін елдің көтерген өзің.
Мұнайшы кенші атағың сенің,
Отанға деген білдірген сезім.*

*Мұнайға толы қойнауы жердің,
Қызығын оның адамзат көрдің.
Келеді, өне, мұнайшы жігіт,
Маңдайда аққан ізі бар тердің.*

*Аударған дала тасы мен тауын,
Елемей соққан қары мен жауын.
Тереңнен тартқан мұнай мен газды,
Жасай бер мәңгі, мұнайшы қауым.*

*Мұнайлы өлкем мерейің асқан,
Бір ғасыр тарих жырың бар дастан.
Қақарын соғыс төксе де елге,
Мұнайшы қарттар, кезің жоқ сасқан.*

*Тәңірім сақта тіл көзден баққан,
Көбейсін мұнай өзен боп аққан.
Жаратқан сыйы қазаққа берген,
Мұнайшы қауым, мұнаймен мақтан.*

Мәулен МАМБЕТӘЛИЕВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау цехының операторы.

Мұнайшылар сауалдарына жауап

Қадірлі оқырман! Газетіміздің осы санынан бастап «Сұрақ-жауап» айда-рын ашып отырмыз. Егер Компанияның жауапты мамандарына қояр сауалдарыңыз, кеңестеріңіз болса, газеттің 8-бетінде көрсетілген электронды пошталарға жолдауыңызға болады. Олардың жауаптары осы айдарда жарияланады.

1. С. Жексенов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің инженері:

Сұрақ: Емдеу-сауықтыру орындарына барғанда жол ақысы төлене ме? Егер мен өз көлігіммен барсам, жолақы билетін қалай тапсырамын?

Жауап: Емдеу-сауықтыру орындарына барғанда, жалпы, жол ақысы төленеді. Ал, егер өз көлігіңізбен барған жағдайда, жол ақысы дәлелденетін құжаттар талап етілмейді. Алайда, демалған ақыңыз 250 мыңнан кем болса, жолда өз көлігіңізбен немесе таксимен ақылы негізде барғаныңызды дәлелдейтін құжаттарыңыз болса, оның қаржысы қайтарылады. Ең бастысы, құжаттарыңыз дұрыс болуы қажет.

2. І.Темірғалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Жайық аудандық электр торабының шебері:

Сұрақ: Балалардың жазғы демалысына берілетін 150 мың теңге өсе ме?

Жауап: Балалардың жазғы демалысына берілетін 150 мың теңге мөлшерінің өсуі әзірге қаралмаған.

3. А.Мұхамбетәлиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Қарсақ мұнай газ өндіру цехына қарасты Байшонас кен орнының шебері:

Сұрақ: Жатақханамызда бір тазалықшы қызметшіміз бар, жалғыз өзі жатақхананы тазалайды, үлгермейді. Біздің отыратын кеңсе-вагонымызды тазалайтын қызметші керек деп ұсыныс беремін.

Жауап: «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментімен аталған мәселе бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілді. Тазалықшылар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның штабында болған мезгілде бір тазалықшыға бекітілген тазалау аумағы – 500 м2 құраған болатын. Аталған тазалықшы штаттан аутстаффингке ауысып, сол талап бойынша жұмыс атқарып келеді. Яғни, сіз атап отырған тазалықшының тазалайтын аудан көлемі – 247,04 м2 құрап отыр. Осыған байланысты, аталған тазалықшының тазалайтын аудан көлемінің нормативтен аспайтындығын ескере отырып, қосымша штат бірлігін ашуға қажеттілік жоқ екендігі анықталды.

4. А.Бекенов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің ұңғыларды жерасты жабдықтарын жөндеу цехының машинисі:

Сұрақ: Жазғы демалыс уақытында балалар демалысына Қоғамнан 150 мың теңге қаражат бөлінеді. Алайда, оған бір айдан соң жұмсалған қаражатын дәлелдейтін құжаттар сұралады, бір айдан кешіктірлесе қызметкерден ұстап қалады, осы сұрақты түсіндіріп өтсеңіз?

Жауап: Тиісті Ережеге сәйкес растаушы құжаттар аванс алынған соң бір айдың ішінде тапсырылуы тиіс. Ал, бұрынғы Ереже мәтінінде бала демалып келгеннен кейін тапсырылады делінген болатын. Ереже мәтінінің өзгертілу себебін түсіндірсек. Кейбір жұмысшылар балалары демалып келгеннен кейін растаушы құжаттарын дер кезінде тапсырмай, жылдың соңына дейін жүре беріп, тапсыруға ұмытып кеткен, жыл аяғында қаржысы жалақыдан ұсталған кезде ғана естеріне түсіп тапсырған. Ал, кейбірі құжаттарын таба алмай қалған. Сол себепті, Ереже талабы өзгертілген болатын. Алдағы уақытта Ережеге өзгерістер енгізіп мерзімін 2 айға созуға жұмыстанамыз.

5. А.Жұбаналиева, «Ембімұнайгаз» басқармасының электр жабдықтарын жөндеу бөлімшесінің 5-дәрежелі электр машиналарының элементтеріне сым ораушысы:

Сұрақ: Қызым ауырып, емі үшін компаниядан материалдық көмек көрсетуді сұрап, арыз жаздым. Бірақ материалдық көмек көрсетілмеді, соны түсіндіріп берсеңіз?

Жауап: Тиісті Ережеге сәйкес, жұмысшыларға тек ота жасалғандағы шығыны ғана қайтарылады. Ал, сіздің қызыңыздың құжаттарында емделу кезіндегі жол ақысы мен тұру ақысы (проживание) болғандықтан, материалдық көмек сұрап жазған арызыңыз қанағаттандырылмады.

6. Е.Зұлханов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің ұңғыларды жерасты жабдықтарын жөндеу цехының ұңғыларды жөндеу жөніндегі шебері:

Сұрақ: Жақын арада біздің жұмысшымыз Әділбек Тарасов денсаулығы сыр беріп, қайтыс болды. Көзі тірісінде банктен алған несиесі бар екен. Осыған байланысты оның отбасына Компания тарапынан қандай көмек көрсетуге болады?

Жауап: Егер қызметкер қайтыс болған жағдайда оның жеңілдетілген пайыздық жүктемемен алған несиесін өтеу мәселесі Қоғамның Басқарма шешімі арқылы жүзеге асады. Басқа екінші деңгейлі банктен алынған несиесі қаражатын Компания есебінен өтеу қаралмаған.

7. А.Булеков, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің №2 мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы және слесарь-жөндеуші Е.Оспанов:

Сұрақ: «Интертич» қызметінің жұмысына көңіліміз толмайды. Ауырып барсақ, тек укол мен система салып қана қояды. Ауруды айырмайды. Мамандар емделушіге немқұрайлы қарайды. «Медикер» мекемесіне қайта ауысуға болмай ма?

Жауап: Медициналық көмек көрсету қызметі тендер арқылы шешіледі.

«Интертич» мекемесінің медициналық қызметін жоғары деңгейде көрсетілуін қадағалап отыруға тырысамыз. Емдеген дәрігердің аты-жөні, қаралған күні, диагноз, дәрігердің қызмет көрсетуі және емделушімен қарым-қатынасы туралы мәліметті толықтай анықтамай, сізге нақты жауап беру мүмкін емес. Бір дәрігердің немқұрайлы қарағандығынан, барлық дәрігерлердің кәсіби деңгейін төмендету жөнсіз. Осындай туындаған мәселелер дер кезінде қызметкерлер тарапынан нақты дәлелмен хабарланып отыруы жөн, сол арқылы біз талабымызды қоя аламыз.

8. Н.Ерғалиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Жыл сайынғы еңбек демалысына шыққанда емделуге берілетін 250 мың теңгені екі емдеу-сауықтыру орнында демалып, екі бөліп төлеуге бола ма? Мысалы, «Атырау» шипажайында демалғанға 120 000 теңге көлемінде қаражат кетсе, қалған соммаға «Сарыағаш» шипажайында емделдік дерлік. Осындай жағдайда екі шот-фактура тапсырсақ, қабылданады ма?

Жауап: Сауықтыруға берілетін 250 мың теңге – бұрынғы демалыс орындарына берілетін

теңгеден кем болса, сол шығыныңыз ғана төленеді.

9. К.Декеев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының арнаулы техника және автокөлік колоннасының 5-дәрежелі автокөліктер жөндеушісі:

Сұрақ: Алдымен, бір көзіме, кейін екінші көзіме операция жасалды. Бірақ, тек бір көзімнің операциясының шығыны төленді. Екінші көзіме жасалған ота шығыны төленбеді. Не себепті?

Жауап: Сіздің бірінші көзіңізге жасалған ота шығыны 2017 жылы қайтарылған. Екінші көзіне жасалған ота шығыныңыз құжаттары 2017 жылдың аяғында тапсырылған, бірақ жылдың аяғында «Ембімұнайэнерго» басқармасының осы жағдайға қаралған бюджет бабында қаржы болмауына байланысты арызыңыз қанағаттандырылмаған.

10. М. Кунчекеев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің мұнайды дайындау және айдау цехының сусыздандыру және тұзсыздандыру операторы:

Сұрақ: Мекемеден балаларымызды шетелге демалыс орындарына апарғанда осы мекемеден апаратын қызметкерлер (сопровождающий) бола ма?

Жауап: Жұмыс беруші балаларға демалыс орындарын тауып беру, оларды броньдау, жол жүру билеттерін рәсімдеу, автокөлікпен жеткізу және басқа да жұмыстармен айналыспайды.

11. М.Нұрғалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің №3 мұнай-газ өндіру цехы бастығының орынбасары:

Сұрақ: Үй құрылысына берілетін көмек (ссуда) мөлшері өсе ме екен? Қазіргі беріліп жатқан 1 500 000 теңге үй салуға жетпейді.

Жауап: Әр басқармада тұрғын үй алуға жеңілдетілген несиесі бөлу жөнінде комиссия құрамы құрылған. Комиссия құрамы «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің тұрғын үй несиесін алу тәртібі туралы Ережесіне сәйкес қызметкерлерден келіп түскен арыздарды құжаттарымен тексеріп, талқылап, несиесі бөлу мөлшерін бекітіп, шешімін шығарады. Банк қазіргі таңда көпшіліксіз 2 миллион теңгеге дейін несиесі бере алады.

12. С.Жұбанғалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің слесарь-жөндеушісі:

Сұрақ: Атырау қаласына оқуға барған кезде көбіне «Алмагүл» қонақ үйіне тұрақтаймыз. Аталған қонақ үйде жату мүмкін емес. Себебі, ішінің тазалығы санитарлық талаптарға сай келмейді. Өте лас және қызмет көрсету сапасы да нашар. Ең бастысы, оқу орталығынан алыс орналасқан. Осы мәселені қарап, шешімін табуға ықпал етуіңізді сұраймын

Жауап: Атырау қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жұмысшыларын тұрғынжаймен қамтамасыз етіп, қызмет көрсету мақсатында 6 қонақ үй бөлінген. Атап айтсақ, «Қазақстан», «Дастан Атырау», «Тенгри», «Виктория Палас», «Дана» және «Алмагүл». Әр жұмыскер Атырау қаласындағы жоғарыда көрсетілген қонақүйлердің кез келгеніне өз қалауы бойынша орналасуға құқылы. Ал, егер өзі таңдаған қонақүйлерде бос орын болмаған жағдайда, іссапарға жіберілген жұмыскерлер туралы Қоғамның ішкі құжатымен белгіленген норма шегінде, басқа қонақүйге орналасуына мүмкіндігі бар.



Жаз жайнатып, күн күлдіріп...

«Ембімұнайгаз» АҚ «Ұжымдық шарт» аясында Компания қызметкерлері балаларының жазғы демалыстарын ұмытпастай көңілді өткізуге қолдау көрсетіп келеді.

Атап айтсақ, Компания бұған дейін мұнайшы балаларының жазғы демалысын еліміздің және жақын шетелдеріндегі сауықтыру орындарында жоғары деңгейде ұйымдастырып келді. Ал, 2017 жыл-

дан бастап қызметкерлер балаларының жаз мезгілінде сауықтыру лагерьлеріндегі, шипажайлардағы, курорттардағы демалалысына жұмсалатын қаражаттың 150 мың теңгесін ата-анасының шотына аудару жөнінде өзгеріс енгізілді.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру ата-анасының, яғни, Компания қызметкерінің арызы арқылы жүзеге асады. Айта кетейік, Компания

есебінен жазғы демалысқа жіберілетін баланың жас ерекшелігі 7-14 жас аралығында болуы керек. Ал, егер қызметкер отбасында бірнеше бала болса, Компания бір үйден екі баланың жазғы демалысына жолдама ұсынады.

Әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаменті мамандарының берген мәліметіне сүйенсек, ағымдағы жылдың

алғашқы жартыжылдығының қорытындысына сәйкес акционерлік қоғам 1621 баланың әрқайсысының жазғы демалысына аталған қаражатты бөлген. Балалардың басым бөлігі Түркия елінде, Алматы қаласында және Атыраудағы «Қайнар» лагерінде демалып, таза ауада, табиғаты әдемі жерлерде балалық шақтың ең қызықты сәттерін есте қаларлықтай өткізді. **Е**



Салауатты өмір салты

Ironman 70.3 Astana: Марат – үздік ондық қатарында

Жуырда Елордада екінші мәрте Ironman 70.3 Astana триатлон бойынша ең беделді халықаралық жарысы өтті. Ашылу салтанатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтады.

Үш кезеңді жарыста әртүрлі жастағы триатлон шеберлері, әйелдер мен ерлер, оның ішінде кәсіпқой спортшылар, саяси қайраткерлер, мемлекеттік мекемелердің басшылары, бизнес өкілдерімен қатар әуесқойларға да қатысуға мүмкіндік берілді. Атап айтсақ, бұл - жүзуді (1,9 шақырым), веложарысты (90 шақырым), жүгіруді (21,1 шақырым) қамтыған, әлемде триатлон бойынша ең танымал жарыс.

Жарысқа әлемнің 50 елінен мың жартыға жуық қатысушы қатысып, бақ сынады. Аталған халықаралық сында өз күші мен бағын сынауға аттанып, барлық дистанцияларды бағындырып, финишке жеткендер қатарында әріптесіміз «Ембімұнайэнерго» басқармасының 5-разрядты электр монтері Марат Оразалиев те болды.

- Қазақстанда халықаралық жарысты қабылдау идеясы дер кезінде пайда болды, себебі елімізде триатлон жыл сайын қарқынды дамып келеді. Жоғары деңгейдегі іс-шараларды өткізуде еліміздің зор амбицияларын және мінсіз

беделін көрсететін еліміздің астанасы Халықаралық спорттық ұйымның өкілдеріне үлкен әсер қалдырды. Мен де Елордадан зор әсермен оралдым.

Бұл – менің Ironman 70.3 Astana жарысына тұңғыш рет қатысуым. Мен бұл додаға бір жылдай уақыт бойы үздіксіз дайындалдым. Нәтижесінде 5 сағаттай уақыттың ішінде финишке жетіп, үздік ондықтың қатасына іліктім. Әлемнің түкпірінен мықтылардың басын қосқан додаға қатысуыма мүмкіндік жасап, қолдау көрсеткен «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына алғысым шексіз, - дейді спортшы бізбен әңгімесінде.

Әріптесіміздің айтуынша, оның бойында спортқа деген қызушылық бала кезден бастап қалыптасқан. Ата-анасының қолдауымен тоғыз жасында алғаш рет самбо үйірмесіне келіп, спорт әлемінің табалдырығын аттаған. Алайда, кейін денсаулығына байланысты күрделі оталардан соң жас жеткіншекке күреспен қош айтысуға тура келеді. Бірақ, өз-өзін шыңдап, физикалық тұрғыдан мықты болып өсіп-жетілуге үйреніп қалған ол біржола спорттан кете алмады. Кейін түрлі марафондарға қатыса бастады. 1966 жылдан бері қашықтыққа жүгіру марафондарына тұрақты түрде қатысып, қазіргі таңда кәсіби желаяқтар қатарында келеді.

Мәселен, өткен жылы Атырауда болған «Атырау Marathon – 2018» шарасында ембілік маман 42 шақырымға жүгіруден жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі III орынды иемденді. Биыл да осы жетістік қайталанып, әріптесіміз топ жарып, үздік жүлдегерлер қатарынан табылды.

Айта кетейік, өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда өткізілген IRONMAN 70.3 ASTANA жарысы «Global athlete satisfaction award» сыйлығының «Best New Events» санатындағы марапатқа ие болып, қатысушылар сауалнамасының қорытындылары бойынша әлемдегі үздік жарыс атанған еді. Биылғы жарыс та одан еш кем түспеді.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында мұндай ауқымды жарыс Ақтау қаласында ұйымдастырылмақ. Марат бұл сынға қатысуды жоспарлап отыр.

- Атыраулық жастар арасында спорт сайыстары жақсы дамып келеді. Ел болашағы жастардың қолында деп жиі айтамыз. Қоғамға дені сау, салауатты өмір салтын серік еткен саналы, мықты жастар керек. Міне, осындай сайыстарды жиі өткізіп отыру осы мақсатты көздейді. Мен жыл сайын спорттық додаларға дайын болу үшін спортты өзіме серік еттім - дейді Марат Оразалиев. **Е**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі